



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№47 (10 250)

15 қараша

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



СОП - 29 АЯСЫНДАҒЫ БАКУҒА ІС - САПАРЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бакуде Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-шы конференциясы аясында өтіп жатқан климат саласындағы іс-қимыл жөніндегі әлем көшбасшыларының саммитіне қатысты.

Пленарлық сессияның ашылуынан кейінгі алғашқы сөз Қазақстан Президентіне берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Қазақстан жаһандық климат күн тәртібін қолдайтынын

растап, табиғаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор екенін атап өтті. Мемлекет басшысы еліміздің 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөнінде биік мақсат қойғанын еске салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл міндетті орындау үшін нақты қаржыландыру көздері мен заманауи технологияларға арқа сүйейтінін айтты. Сондай-ақ, «Климаттық қаржыландыру бойынша жаңа ұжымдық мақсат» (NCQG) аясында табиғат өзгерістеріне

осал аймақтарға, әсіресе, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге айырықша мән берілуі қажеттігіне тоқталды.

— Өлемдегі зиянды шығарындардың 1 пайызы ғана Орталық Азия елдеріне тиесілі. Соған қарамастан бұл аймақ көптеген климаттық қатерге ұшырап отыр. Табиғаттағы өзгерістерге қарай әрекет ету шараларының тиімділігін арттыру үшін біз жасанды интеллект, жерсерік арқылы мониторингтің озық технологияларын, қауіпті алдын ала ескертетін, су және жер ресурстарын анағұрлым тиімді басқаратын басқа да цифрлық құралдарды белсенді қолдануға тиіспіз, — деді Президент.

Қазақстан «көміртекті егіншілікке», яғни, ауаға таралатын парниктік газдардың мөлшерін азайту және топырақты құнарландыру арқылы ауылшаруашылығын жүргізу әдістерін енгізуге қай жағынан да қолайлы мемлекет. Бұған еліміздегі ауылшаруашылығына жарамды 200 миллион гектар жер мүмкіндік береді. Президент қызығушылық танытқан тараптарды Қазақстанның осы саладағы әлеуетін зерттеуге шақырды.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ



"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде қабылдау өтті.

Қоғамдық қабылдауды Ақсу аудандық білім бөлімі басшысы Айдынбек Құмарбекұлы өткізді.

Аудан тұрғындарын қабылдап, әлеуметтік, қоғамдық және өзге де ортақ түйткілді мәселелердің шешілуіне ықпал етілуіне бағыт-бағдар берді.

Қабылдау барысында аудан тұрғындарының өтініші негізінде қолданыстағы заң аясында толық кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

ЖЕТІСУДА аудан - қалалардың мәдениет күндері қорытындыланды

Жетісу облысында жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін аудан - қалалардың мәдениет күні биыл ерекше форматта ұйымдастырылды. Оның іріктеу кезеңі телевизиялық жоба түрінде өтіп, соңы гала концертпен түйінделді. Атап өтсек, байқау атадан балаға мұра болып келе жатқан төл өнерімізді, рухани құндылықтарымызды заман талабына сай жаңғыртып, насихаттау мақсатында өткізіліп келеді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырған өнер сайысы «Дәстүрлі ән», «эстрадалық ән», «күй», «би», «терме, жыр толғау», «ауылдың алты ауызы», «айтыс» сияқты бірнеше номинациялар бойынша өтті. Мұнда бақ сынасқан облыстың сегіз аудан, екі қаласының өнерпаздары алдымен іріктеу турларында өз өңірлерінде өнер көрсетті. Ал, електен өткен мықтылар Талдықорғанда финалдық сайыста өзара жарысқа түсті.

Осы күні табысты өнер көрсеткен термешілердің

бірі - жаркенттік Нұржан Батбақбаев. Ол халық термесі «Дүние-айды» орындап, көпшіліктің ыстық ықыласына ие болды.

- Жыр-термелер қай кезде де көпшілікке жол нұсқайтын, ақыл беретін, ойландыратын сипатта болып келеді. Ол сонысымен де құнды. Менің мақсатым - ұлттық өнерді кәсіби деңгейде дәріптеп, көпшілікке паш ету. Оған осындай байқаулар мен концерттер көп мүмкіндік береді», - дейді ол.

Байқауға әр номинацияның ерекшелігіне қарай, мәселен, «терме, жыр толғау» аталымында дәстүрлі әнші, ҚР Мәдениет қайраткері, Ерболат Шалдыбеков, «айтыс» номинациясына айтыскер ақын Жан-дарбек Бұлғақов, «би» номинациясына биші Талант Қылышбаев т.б. кәсіби мамандар төрелік етті.

Мәдениет күндері шарасының қорытындысы ретінде І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында мәдениет күндерінің гала концерті мен үздіктерді марапаттау салтанаты атқарылды.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Қыстың қамын - жаз ойла!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы

вагондар санының, қысқаруына екеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

"ЖОЛ КАРТАСЫ" аясында мониторинг



Партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі «Жол картасы» аясында «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы А.Құрманғалиева, облыстық мәслихат депутаты Д.Ахмолдаевпен, аудандық мәслихат депутаттары С.Смағұлов, С.Баянова Көшкентал ауылында салынып жатқан мектептің құрылыс жұмыстарына мониторинг жүргізіп қайтты.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.

БАСПАСӨЗ - 2025

АҚСУ ӨНІРІ
ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар!

"Ақсу өңірі" газетіне жазылу бағасы 1 жылға - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

ХАҚТЫҢ СӘУЛЕСІ

ДІН – ХАҚ ТАҒАЛАНЫҢ СЫЙЛАҒАН СӘУЛЕСІ

«Жүректің көзі ашылса, Хақтың түсер сәулесі», – деген Абайдың сөзіне байланысты өз ойым. Күнделікті көріп жүрген бұлтты алайық. Күн батып бара жатқанда қып - қызыл болып алаулап тұрады, ашық күндері ақша бұлттарды көреміз, күн бұзылғанда қап-қара болып түнеріп көкжиекті ауылдың іргесіне дейін жылжытып әкеледі. Жаңбырдан кейін сан алуан түске бөленіп кемпірқосақ шығады. «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан» деп Абайдың «Күз» деген өлеңін талай бала тақылдап айтып жүр. Бірақ, бұлтта түс болмайды. Ол тек күннің сәулесіне байланысты түсін өзгертіп отырады. Жаратушының жаратқандарының бір - біріне деген өсері осындай болғанда Абай айтқан Хақтың сәулесі жүрекке түссе, қандай өзгерістер орын алатынын айтып жеткізудің өзі мүмкін емес. «Жүректің көзі деген не сөз, көру үшін екі көзді жаратты емес пе?», – дейтіндер де бар. Мына жарық дүниені көретін көзімізді болғанына Аллаға мың шүкір. Ал, жүрек көзі шыр етіп дүниеге келгенде берімізде ашық болады. Оның бір дәлелі – балалар. Олар ата - анасын, апа - атасын, бауырларын шын жүрегімен жақсы көреді. Ешқандай бақай есеп жоқ. Атағына, байлығына, мансабына, әдемілігіне мән бермейді. Өйткені, бала – жүрек көзімен көреді. Өкінішке қарай, өсе келе нәпсіге тізгінді беріп, жалғанның шыр-мауына шырмалып, жарқылдақ құ тірліктің қызығына арбалып жүрек көзін жайлап тұмшалаймыз. Жүрек көзі жабылған сайын адамның құдаймен байланысы үзіледі. Бүгінгі тілмен айтсақ «вне зонада» қалады. Сол сәттен бастап жүректі үрей билейді. Өгей баладай өзегін өксік буып, мына дүниеде жалғыз қалғанын сезеді. Босағада отырып, өр мен төрде топырлағандардың кебісін күзетіп қалғандай күй кешеді. Өзінің осындай күйге түскеніне біреулерді кінәлайды. Бетелкенің түбіне түсіп, жезөкшенің қойнына тығылса да жегідей жеген жалғыздықтан, жүректегі үрейден қашып құтыла алмайды. Жалғыздықтан құтылудың жолын іздеп, әр тарапқа жүгіреді.

Жүрек көзі жабық болғаннан кейін ақиқатқа апарар жол табылмайды. Керісінше, мына өлемдегі жалт-жұлт еткеннің барлығын өмірдің қызығындай көреді. Ішкен сайын шөлдететін баянсыз жалғанның тұмбасына шым батып, тұманына шын адасады. Құлғанның құлпы ашылып кеткеннен кейін Құдай мүлдем ұмытылады. «Құдайын ұмытыпты» дегенді естіген боларсыздар. Ғашықтардың бір біріне деген сезімін айқайлап айтып жатқанын естідіңіз бе? Сезімді жеткізу үшін кейде сөздің де қажеті жоқ. Өйткені екі жүрек бірін бірі көріп тұр. Ал ұрысқан амдар неге дауыс көтереді? Өйткені ұрысқан сайын жүрек көзі жабылады. Жанындағы адамды көруден қалады. Сол себепті алыстап кеткендей, естімей қалатындай айқайлайды. Осындай барлық келеңсіздіктерден, жүректегі үрей мен көңілдегі уайымнан, жанын жегідей жеген жалғыздықтан құтылудың жалғыз жолы жүрек көзін ашу, жүректі тазарту. Д. Руми: «Құдай неге мұқтаж? Өзін көре алатын сенің таза жүрегіңе мұқтаж» дейді. Таза жүрек Алланың айнасы. Жүректі қалай тазартамыз? Қасиетті Құран Кәрімде: «Жүректер тек Алланы зікір етумен тазартылады», – дейді. (Рағыз сүресі, 28аят). Бізге жеткен құдси хадистердің бірінде Алла тағала: «Жер мен көкке сыймаймын, мұмин құлымның жүрегіне сыймын», – дейді. Мәшһүр Жүсіп атамның: «Құдай пенденің жүрегіңде емес пе» деп айтатыны бар. Яғни, жер мен көкке сыймайтын Жаратушы өзі махаббатпен жаратқан пендесінің жүрегіңде екен. Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ішіне нұр кірген жүрек ашылып, кеңейеді», – дейді. Бір адамға жақсы баға бергенде «Жүрегі кең, маңайына нұрын шашып тұр» деп айтамыз. Өйткені, адамның жүрек көзі ашылып, Хақтың сәулесі түскен сайын оның бойындағы барлық жамандық жойыла бастайды.

Жұмахмет ЖАНАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2024 жылғы 9 айдағы аудиторлық іс – шараларының нәтижелері

Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2024 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 64 аудиторлық іс - шара өткізді, оның ішінде 37 іс - шара мемлекеттік мекемелерде және 27 іс - шара квазимемлекеттік сектор субъектілерінде өткізілді.

Белгіленген қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 9,5 млрд. Теңгені құрады, оның ішінде 5,6 млрд. теңге қаржылық бұзушылықтар және 3,8 млрд. теңге рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасынан бюджетке 893,9 млн. теңге өтелді - 90,1 млн. теңге тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жолымен қалпына келтірілгені - 257,3 млн. теңге және есепке алу бойынша көрсетілгені - 4,9 млрд. теңге.

Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау мақсатында есепті кезеңде жүргізілген аудиторлық іс - шаралардың қорытындылары бойынша аудит объектілеріне 62 нұсқама жіберілді.

Департамент есепті кезеңде 20 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды және 3,5 млн. теңге сомасына әкімшілік жаза қолданылды бюджетке толығымен өндірілді.

Аудиторлық қызмет нәтижелері бойынша 50 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 2 лауазымды тұлға атқаратын лауазымынан босатылды

Жүргізілген мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкестік аудиттерінің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 936,7 млн. теңгеге 50 мемлекеттік сатып алу лоты қамтылды, оның ішінде жалпы сомасы 930,8 млн. теңгеге 49 лот бойынша бұзушылықтар анықталды.

Ж.ШАЙМЕРДЕНОВ,
жоспарлау, талдау, есептілік және сапалы бақылау бөлімінің басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабының 4-тармағында әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі делінген.

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 32-бабының 4-тармағында шұғыл, күні бұрын болжанбаған жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытынан тыс істелетін жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартылуы мүмкін деп белгіленген.

Бұл ретте, көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметшіге демалыс күндері (сағаттары) беріледі немесе жұмысына мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесіне сәйкес өтемақы төленеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 108-бабының талабы бойынша жұмыскерге үстеме жұмыс істегені үшін ақы төленеді немесе тынығу сағаттары беріледі. Бұл ретте, үстеме жұмыстарға тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Егерде мемлекеттік қызметші үстеме жұмысқа тартылса онда мемлекеттік қызметшінің келісімі және тиісті мекеме басшысының бұйрығы болуы қажет.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшінің үстеме жұмысы

бойынша тиісті құжаттар болмаған жағдайда, яғни, (бұйрық, мемлекеттік қызметшінің келісімі) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 89 бабына сәйкес, лауазымды тұлғаға (бөлім немесе мекеме басшысы) бірінші ескерту түрінде хаттама толтырылады, дәл сондай іс әрекет бір жылда қайталанатын болса 40 айлық есеп көрсеткіш бойынша айыппұл салынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы №121 Бұйрығына сәйкес, Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттері мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторингті тұрақты негізде жүргізеді.

2024 жылдың 3 тоқсанында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен үстеме жұмысқа заңсыз тарту фактісі бойынша мониторинг жұмыстарын жүргізу барысында жергілікті атқарушы органдардың басшыларына Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 89-бабына сәйкес, ескерту түрінде әкімшілік хаттамалар толтырылып, 15 мемлекеттік қызметкерге үстеме жұмыс кезеңдері үшін демалыс сағаттары беріле отырып, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, Департамент пен мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту бойынша қашықтықтан жүргізілген мониторинг нәтижесінде 40 мемлекеттік қызметшілері заңсыз үстеме жұмысқа тартылғандары анықталды.

Қорытындысы бойынша, орын алған бұзушылықтарға жол бермеу және қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру бойынша әкімдіктің басшылығына ұсыныс енгізіле отырып, мемлекеттік қызметшілерге тынығу сағаттары беру арқылы бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік органдардың басшылары еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайлар жасауға, сондай-ақ, қызметшілердің ар-намысы мен қадір - қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қабылдауға тиіс екенін атап өткен жөн.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған мемлекеттік қызметшілердің конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесі басты назарда, ол барлық мемлекеттік органдардың назарында болуы керек деп есептеймін.

Қ.МАНАП,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімге негізделген мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне көшу аясында, бүгінде Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметті жаңғырту үшін, 4 заң қабылданып, бірқатар заңға тәуелді актілер дайындалды. Енді мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар күшейтіледі.

Мемлекеттік қызметті заман талабына сай түбегейлі жаңғырту тек құқықтық-нормативтік құжаттарға өзгертулер енгізумен шектелмейді. Мұндағы басты міндеттің бірі – мемлекеттік қызметшінің кәсіби - тұлғалық болмысын жетілдіру. Ол үшін мемлекеттік қызметшіге саналы тұрғыда өзгеріс қажет.

Егемендік алған жылдар ішінде қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі оңтайлы өзгерістер орын алып келеді. Соның ішінде, мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалды. Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – ол қызмет алушылардың өтініші бойынша кезекше түрде олардың құқықтарын, бостандықтарын мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізу. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

- 1) көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;
- 2) Мемлекеттік корпорация арқылы;
- 3) «электрондық үкіметтің» веб - порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетіледі.

«Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында электронды түрде қызмет көрсету заман талабына сай қарқынды дамуда.

Бүгінгі таңда, Есеболатов ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтің 6 түрін көрсетеді:

1. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру өтініштерін және оның құжаттарын қабылдап, жауап береді.

2. Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру өтініштерін және оның құжаттарын қабылдап, жауап береді.

3. Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алуға жазылған

ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШЫ

- Электрондық үкімет
- Электронды еңбек биржасы
- Jumys - SitCen
- QAMQOR

өтініштерін және оның құжаттарын қабылдап, жауап береді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету: жер учаскесін алу үшін кезекке қою өтініштерін және оның құжаттарын қабылдап, жауап береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету: Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп, не бөліп төлеу арқылы сату өтініштерін және оның құжаттарын қабылдап, жауап береді.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету: Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту туралы өтініштерін және оның құжаттарын қабылдап, жауап береді.

Есеболатов ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемелер ғимараттарында орналасқан.

Өзіне - өзі қызмет көрсету бұрышында, арнайы маман бекітіліп, заңға сәйкес нұсқаулықпен «Электрондық үкімет» порталы, Mgov, Telegram-бот, @EgovKzBot мобильді мессенджерін пайдалану арқылы керекті қызметтерді жергілікті тұрғындар қолжетімді, кедергісіз алуға. Есеболатов ауылдық округ әкімі аппараты барлық мемлекеттік қызметтердің стандарттары, регламенттері және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі туралы ақпараттар жазылған стендтер жасалған.

Электрондық үкіметті дамыту - дегеніміз халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру.

Дастан МАҚСАТОВ,
Есеболатов ауылдық округі әкімдігінің бас маман - іс жүргізушісі.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ №5 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(2024 ЖЫЛҒЫ 8 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ САЙЛАУ)

2024 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАРАШАДАҒЫ САҒАТ 18.00-ДЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

№ п/п	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
1.	Жаксылықов Танат Балтабекович	1974	"Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бижарас Садырбай атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ, дене шынықтыру оқытушысы	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
2.	Тұрар Бақытжан Болатбекұлы	1997	"Ақсу ауданы әкімінің аппараты" ММ мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар жөніндегі маман	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
3.	Жұмагелдин Еламан Жұмагелдіұлы	1995	"Көкөзек ауылдық округінің МУ" МКК, музыкант	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА №5 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША КАНДИДАТ ЖАҚСЫЛЫҚОВ ТАНАТ БАЛТАБЕКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Жақсылықов Танат Балтабекұлы, 1974 жылы 17 желтоқсанда Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылында дүниеге келдім.

1990 жылы Қаракөз ауылындағы Қызылорақ орта мектебін аяқтадым. 2002 жылы Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін бітірдім.

Еңбек жолымды 2003 жылдан бастап Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі болып қызмет атқарамын. Жұбайым және 4 балам бар.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде мына мәселелерге назар аударамын:

- «АМАНАТ» партиясының Сайлауалды бағдарламасының орындалуына атсалысу;

- мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалыуын бақылауға алу;

- №5 бірмандаттық сайлау округіне қарасты Қаракөз, Жаңалық және Ойтоған ауылдық округтеріне қарасты елді мекендердің әлеуметтік – экономикалық даму мәселесіне шешуге ықпал ету;

- 2025 - 2027 жылдары Ойтоған ауылының Жансүгіров, Жанбай, Абай көшелеріне, Жаңалық ауылының Құмжарған, Абай, Баубек көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;

- ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін жақсарту, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына ықпал ету;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге атсалысу;

- ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, ел жандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысу;

- Ақсу – Жаңалық, Ақсу – Қаракөз, Ақсу – Ойтоған ауылдарының арасындағы автомобиль жолдарының орташа жөндеуіне ықпал ету;

- Жаңалық ауылының Құмжарған,



Абай, Амангелді, Қазанғап көшелеріне көше жарығының орнатылуына ықпал ету;

- Ойтоған ауылында орналасқан І.Жансүгіров атындағы орта мектебіне күрделі жөндеу жұмыстарына ықпал ету;

- Қаракөз, Кеңғарын, Ойтоған, Жаңалық ауылдарында салынған шағын футбол алаңдарының қайта жөндеуден өтуіне ықпал ету;

- Жаңалық ауылдық округіне қарасты 4 (15шқ), Қаракөз ауылдық округіне қарасты 6 (81шқ), Ойтоған округіндегі Ашылыөзек (55шқ) каналдардың жасалынып, заңдастырылуына және оған қаржы бөлінуіне ықпал ету;

- Облыстық маңызы бар Жансүгіров – ст. Матай автомобиль жолының 0-97 шақырымының 50-97 (Ойтоған-Матай) учаскесіне жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізіліп, уақытында аяқталуына ықпал ету.

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта осы ауылдардағы мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2024 жылдың 8 желтоқсан күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!



№5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ЖҰМАГЕЛДИН ЕЛАМАН ЖҰМАГЕЛДІҰЛЫ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Жұмагелдин Еламан Жұмагелдіұлы, 1995 жылы 25 сәуірде Алматы облысы, Ақсу ауданы, Көкөзек ауылында дүниеге келдім. 2002 жылы Қ.Терібаев атындағы орта мектебіне барып, 2011 жылы Ақсу Политехникалық колледжіне оқуға түсіп, 2013 жылы азаматтық борышымды өтеуге әскерге бардым. 2015 жылы оқу орнын аяқтадым. Алғашқы еңбек жолымды 2017 жылы Көкөзек ауылдық мәдениет үйіне музыкалық жетекші болып жұмыс атқарудамын. 2017 жылы Сарқан гуманитарлық колледжіне түсіп, 2020 жылы аяқтадым.

Жанұялымын, 3 балам бар.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Мен, Көкөзек ауылынан шыққан қарапайым ауыл азаматымын. Ауыл

мектебінде оқыдым, ауылда өстім, ауылдың тыныс-тіршілігі маған ерекше жақын.

№5 бірмандаттық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихатына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылып отырғандықтан, алдағы уақытта алдыма төмендегідей мақсаттар қоямын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;

- «АМАНАТ» партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;

- Ауданымыздың әлеуметтік – экономикалық дамуына үлес қосатын боламын.

- ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көп балалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесуге;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге;

- ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізуге, патриоттық, ел жандылық тәрбие беруге;

- мәдениет саласындағы мәселелердің шешімін табуға;

- жастарға қолдау көрсетуге, және әр түрлі шаралар өткізуге;

- ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шараларды ұйымдастыруға ықпал ететін.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздер 2024 жылдың 8 желтоқсан күні сайлау учаскесіне келіп маған дауыс берсеңіздер осы бағдарламаны өздеріңізбен бірге жүзеге асыруға еңбек ететін боламын!

№5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ТҰРАР БАҚЫТЖАН БОЛАТБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Тұрар Бақытжан Болатбекұлы, 1997 жылы 10 қыркүйекте Алматы облысы, Ақсу ауданында дүниеге келдім. 2004 жылы Абай атындағы орта мектебіне барып, 2015 жылы Қарағанды қаласындағы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіне оқуға түсіп, 2019 жылы қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандығын бітірдім.

Еңбек жолымды 2022 жылдан бастап, «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) бөлімшесінің инспекторы болып жұмыс атқардым. 2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің бас маманы қызметін атқарудамын.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

№5 бірмандаттық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихатына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылып отырғандықтан, алдағы уақытта алдыма төмендегідей мақсаттар қоямын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;

- «АМАНАТ» партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;

- Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысуға;

- ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесу;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге;

- ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізуге, патриоттық, ел жандылық тәрбие беруге, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге;

- жасөспірімдер мен жастар арасында спортқа тартуға, бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттау бағытында жұмыстарды ұйымдастыруға үлесімді қосатын боламын.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздер маған сенім артып, 2024 жылдың 8 желтоқсан күні сайлау учаскесіне келіп дауыс беріп, аудандық мәслихат депутаттығына сайласаңыздар, осы бағдарламаны жүзеге асыруға бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

ФИБРАТ ҒҰМЫР

ҚМБ бастығы В.Н.Опрышко мен бас инженер Михаил Сергейұлы Зинченко екі аптадан кейін Оралбек Жақияновтың құрылыс объектісіне кеп, барлық жұмыс барысы дұрыс ұйымдастырылып, жүрзіліп жатқандығын бригадир Андрей Гешельден астыртын сұрап біледі. Оралбек Жақияновтан кешу сұрағандай болып бас инженер М.С.Зинченко:

- Түсін. Көңілге қаяу алма. Құрылысты жүргізе алады екенсің. Енді «құрылыс шебері» деген бұйрықты шығарылады, - дейді. Ертеңінде ҚМБ бастығы В.Н.Опрышко «Оралбек Жақиянов - құрылыс шебері болып тағайындалсын» деген бұйрық шығарып, қол қояды.

Біліктілігін Оралбек Жақиянов ай жарым уақытта танытып, өзін жақсы жағынан көрсетеді. Құрылыс саласының басшылары қазақ құрылысшы мамандарына қырын қарағанымен, қызметіне тиянақты Оралбек Жақияновты «прораб» деген қызмет лауазымына жоғарлатады. ҚМБ бастығы Василий Николаевич Опрышко:

- Оралбек Нұрсейітұлы, маған ренжіме? Жұмысқа басында «ағаш жонұшы» деп алғаным. Өйткені, егер бірден «құрылыс шебері» деген бұйрықпен қызметке алсам, қызметінді игермесең, онда есеп бергенде зиян тиер еді. Ендігі күмөнім жоқ! Жарайсың! - дей қолын алады.

Кешкі мезгіл. Нысанда жұмыс саябырлап, аяқталар мезгіл. Трест басқарма бастығы Пристор мен ҚМБ басқарма басшысы Опрышко екеуі Оралбек Жақияновтың прораб вагон кеңсесіне келеді. Прораб вагоны іші таза. Бәрін мұқият бағдарлап, көріп шығады. Құрылыс жүргізуге арналған барлық құжаттар тиянақты, ұқыпты. Ретімен қапталып, мұқият тәртіппен сақтаулы жатыр. Зейіндерін құрылыстың генпланы мен күнделікті жоспар жобасына аударады. Оның күнделікті тыңғылықты графикпен жасалғанын байқайды. Нысан жұмыс сызбасын да көздерімен шолып шығады. Жұмыс қай мезгілде, қай уақытта атқарылатыны кесте бойынша жоспарланғанын көреді. Көптеген прораб ондайды жасай бермейді. Трест басқарма бастығы жасалған график пен істелген жұмысты салыстырып, бас шайқап таңданады. Жасалған графикке істелген жұмыстар кідірмей сай келгеніне қайран қалады. Трест бастығы ҚМБ басшысына:

- Екі бөлмелі мекемеге тиесілі үйді Оралбек Жақияновтың отбасына беріңдер! - дейді бұйрықпен.

Желтоқсан айы 1968 жыл. Осы басқармада жұмыс істегеніне үш ай мезгіл өткен. Үй алу кезегіне тұрмай-ақ, бастаналы болды. Оралбек Жақиянов пен отбасының киесі Ғалия Әмірханқызының үлкен ұлы Нұрланы екі жаста, кіші ұлы Ерлан бәр-жоғы екі айлық ғана болатын. Отбасының қуанышында шек жоқ. Әсіресе, Мыңтеңге ананың мейірілі жүзіне қан ұялап, екі немересін кезек аймалап, құшырлана иіскей қуануда. Мыңтеңге ана:

- Үй көрімдігіне он сегіз сом зейнет ақым! - деп ұлы мен келініне ризалық білдіреді. Түнгі сағат 11 - де үй кілтін алысымен бір машинаға бәр жүктерін сыйдырып, жаңа жайлы қонысқа көшеді. Жайлы қоныс нағыз жұмақ еді. От жағып, күл шығармайды. Отын, су тасу қажет емес. Барлығы даяр, бөлмелер батареямен орталықтан жылтылады. Тамақты газ отынымен жабдықталған плитада жасайды. Сақдай сай мекен.

Ағайын - туыс, жора - жолдастарымен қоныс тойы тойланады. Екі жасқа үйленгенде ақ батасын берген, сыртынан тілеу тілеп, қолдап жүрген Нұрмұхамбетов Жасболат «шаңырағыңа көк төгілсін» деген ниетпен Оралбек пен Ғалияның шаңырағына, ол кезде тапшы әмбе бағалы мүлік, қонақ бөлме жиһазын сыйлап, тарту жасайды.

Талдықорғандағы Оралбек Нұрсейітұлы Жақияновтың алғашқы төлімгері Василий Николаевич Опрышко әділетті басшы еді. Тегі кеңес кезіндегі көзқарас оң, дұрыс болатын. Бүйрек бұратын жағдайлар кездеспейтін. Кім өнімді еңбек жасаса, сол орынды бағаланады. Қызметінде Оралбек Нұрсейітұлының білгірлігі елене құрылыс шебері, прораб, инженер лауазымы сатылап жоғарлайды.

Талабы қара ормандай, парасат-пайым иесі Оралбек Жақиянов Талдықорған қаласындағы II - ші мөлтек аудандағы бес қабатты тіз қатар бой түзеген үйлерді, орталықтағы қонақ келмес қонақ үйді салдырады.

Фундамент жұмыстары жаз айында жасалатыны белгілі. Бірақ, кейде құрылыс жоспарымен қыс айларына түсіп қалатыны бар. Оралбек Жақиянов қыс көзінен қаймықпай, жауапкершілікті өзіне

арта, ол жұмысты да жоспармен жасатады. Құйылған бетонға электрод істікшелерін қадап, оған иондалған кіші тоқты арнайы сымдармен жібертіп, қыздыру графигін жасап жылытады. Қадағалап отыруға бригада мүшесінен күзет қойдыртады. Мұндай әдіспен талай көлемде фундаменттер қыста құйылады. Оралбек Жақиянов жол ашып берген әдісті басқа прорабтар да қолданады. Алатау бұйратындай облыстық әкімшілік ғимаратын, құт кетпес байланыс үйін, су шаруашылығы қызметкерлеріне арналған үйлерді Оралбек Жақиянов салдыртады.

Тегі құрылыс шебері қарамағында екі-үш бригада болады. Жұмыс түріне байланысты бригада құрамы 10 - 15 - 20 адамнан тұрады. Ал, прораб құзыры мен қарамағында үлкен объектілер және екі-үш құрылыс шебері болады. Құрылыс басқармаларының қызметі одан арта түседі. Жауапкершілігі мол. Бірнеше айдан бірнеше жылға дейін құрылысы созылады. Елдің мәдениетін және экономиканың барлық саласын дамытуға құрылыс мүмкіндік береді.

Құрылысшы инженер Жақиянов Оралбектің сәулетші сызбасын іске асыратын құрылымдардың көлемін анықтауы, жоба сызбалары мен жоспарларын оқып талдауы, дайындық жағдайын зерттеуі, мердігер жұмысын мұқият қадағалауы, қауіпсіздік ережелерін сақтауы, материалдардың сынақ пен өңделген мөлшерін зертханаларда есептеуі, құрылыс инспекторына жобалық құрылыстың спецификациялар сәйкестігін қамтамасыз етуі, жүйелер мен пайдалану объектілерін салу үшін шығындар мен сметаларды талдауы, есептер және құжаттама жобалары туралы мәліметтер мен құжаттарды дайындауы жақсы жаймен көпшілікке тарап, жария болады.

Құрылысшы инженер мамандығы әрдайым ізденісті талап етеді. Себебі, құрылыс технологиясы жыл сайын өзгере жаңарып отырады. Жаңалықтардан қалыс қалмауы тиіс. Ізденіс пен білімге деген құштарлықтың арқасында ғана білікті құрылысшы инженер атана алады. Құрылысшы мамандар ешқашан жұмыссыз қалмайды. Жыл сайын тамыз айының екінші аптасының жексенбі күні «Қазақстан құрылысшылары күні» ешқашан атаусыз қалған емес.

Жақсы лебіз Оралбек Жақияновтың құрылыстағы іскерлігі туралы «Талдықорған/ауыл/құрылысы» трест басқармасының бастығы Арынов Бабашқа жетеді. Бабаш Арынов 5 мамырда 1970 жылы Оралбек Нұрсейітұлының қызметке Кербұлақ ауданы, Күреңбелде құрылған 2312-ЖМК - ға бас инженер қылып тағайындайды. Сәйкесін келістіріп екі жылға жуық мерзімде Оралбек Жақиянов Қоғалыда мектеп, телемұнара, мал бордақылауға арналған кешен мен тұрғын үйлер құрылысын салдыртады. Қарымды өрлік ісі үлгі бола еленіп, 1971 жылы 7 қазанда Қапалда Оралбек Нұрсейітұлының басшылығымен телемұнара іске қосылады.

Көксу ауданына Оралбек Жақиянов селебесі сеп қанағаттылықпен 1972 жылы құрылыс жұмыстарының көлемі артымды 2310 - ЖМК - сына бас инженер қызметіне ауысады. Одан қараша айында қызметі жоғарлап, жасы ақсара биік белдеі, орда бұзар 30 - ға толмаған Оралбек Жақиянов 1972 жылы Кировскідегі 2310 - ЖМК - ның бастығы болады.

Оңғар ісі алшысынан басқан Оралбек Жақиянов Көксу ауданында көздің жауын алатын атқару комитетінің ғимаратын, ауылшаруашылығы техникумының мәдениет үйін, ауылдардағы мәдениет үйлерін, алға тарпынған қарбылықпен «Еңбекші», «Мұсабек», «XXIII парт-съезд» ауылдарында мектептер, ауыл шаруашылық техникумының мәдениет үйінің фундаментін орнаттырып, аудан орталығында қаздай тізілген екі қабатты тұрғын үйлер салғызады. Сөйтіп, Көксу ауданында замана тұрмыс деңгейін жақсарту өзгертуге, барынша жай жасалуына атсалысады.

Білігі биік Оралбек Жақияновты 1974 жылы 15 маусымда «Ленин», «Достық», төрт мәрте «Еңбек Қызыл ту», «Құрмет» ордендерінің иегері, облыстық партия комитетінің 1 - ші хатшысы Алыбаев Әріпбай облыстық құрылыс бөліміне нұсқаушы қызметіне Талдықорған қаласына шақырады. Ол қызметке Оралбек Жақияновты облыс басшысына иінін келтіре ұсынған институтта бір курс жоғары оқыған, облыстық партия комитетінің құрылыс бөлімінің бастығы Мәмбетбаев Алпамыс Берекелдіұлы екен. Сұхбат барысында Алыбаев Әріпбай:

- Арақ ішпейтін адам кемде-кем. Арақ



ішесің бе? - деген сауал қояды. Ештеңе бүкпеген Оралбек Жақиянов:

- Бары 150 - 200 грамм, - дейді жасырмай, шынын айта.

- Жақсы меже екен. Облыстық партия комитеті құрылыс бөліміне нұсқаушы қызметіне ертең шығатын бол! - дейді облыс басшысы бұйыра шешіп.

1972 - 1978 жылдары Талдықорған облыстық партия комитетінің I - ші хатшысы болып Алыбаев Әріпбай қызмет жасаған.

1978 жылға дейін Оралбек Жақиянов «жақсылық қусаң - мерейің асар» дей, облыстық партия комитетінің құрылыс бөлімінде нұсқаушы қызметінде істейді. Нұсқаушы қызметінде жүргенінде құрылыс ғимараттарын мезгілінде өткізу тәртібін қалыптастырып, сапалы құрылыс жүргізілуін қатаң қадағалайды. Егер құрылыс жұмыстары талаппен жүргізілмей, кемшіліктер болып жатса, дереу бюрода қаралып, шешімін әділ, міндетті түрде іске асатындай шығарып отырады. Сол кезде облыста алты құрылыс тресті жұмыс жасайды. Олардың жұмыс ұстанымын халық үш китке балап, «индустрияландыру», «механизациялау», «жұмыс орынын ұйымдастыру» дей жіктейді. Халық айтқан осы үш компонент ұстанымды нұсқаушы қызметіндегі Оралбек Жақиянов құрылыс мекемелеріне енгізуді негізгі мақсатына айналдырады. Облыстық партия комитетіндегілерге нұсқаушының көмегі қараңғы түнектен жол тауып, көрсететін компаста еді. Яғни, облыстық партия комитетінің шешімдеріне негіз нұсқаушылар ұсынысымен ұйғарылатын.

Облыстық партия комитеті Оралбек Жақияновты 1978 жылы жоғары партия мектебіне «білім қос біліміңе» дей оқуға жібереді. 1979 жылы қызметке қажет болып, Талдықорған облыстық партиясының хатшысы Валентин Копытин қоңырау шалып Оралбек Жақияновқа:

- Облыстық партия комитетінде нұсқаушы қызметкер орны босады. Дерек кел. Олай жасауға болады. Қазақстан Орталық ұйымдастыру комитетімен келісілді. Жылдамдатып жет, - дейді тәптіштеп. Сөйтіп, облыстық партия комитетінде инструкторлық қызмет істеуге Оралбек Жақияновты шақырып алады. Облыс хатшысы Әріпбай Алыбаев сенім білдіре қолдап:

- Нұсқаушы дегеніміз нағыз партиялық қызмет. Маңызды жұмыс түзелмей келеді. Жұмылу жоқ. Жұрттың мұңын сезбейді. Басшылық жасап, тәрбие беретін қызметті кемшіліктерден арылтуың керек. Нәпсің жәбірлікті істетпейтінің, әбиүр төкпесінді білемін. Жәнін табарсың. Ісің адал, ақ болсын! - деген оң батасын береді.

Нұсқаушы қызметінде Оралбек Жақиянов құрылыс шаруашылығы бағытын қадағалайды. Нұсқаушылар бөлім басшысы Олег Медведевтің көмегі зор тиеді. Оралбек Нұрсейітұлына партия нұсқаушылар мен жазбалары бойынша жөн-жоба сілтеп, есеп беруді, мінберде қалай сөйлеп, баяндама жасауды барынша үйретеді. Қызметін жасай жүре жоғарғы партия мектебін Оралбек Жақиянов 1980 жылы оқып шығып, қолына дипломын алады.

М.Горбачевтың «қайта құру» кезеңінің соңына таман кей коммунистер партия қатарынан шығып, партия билетін жағуға дейін барғандары белгілі. Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов орта жолдан сатқындық жасамақ түгіл, ондай өрескелдікті ойына да алмаған.

Жүрек қалауымен, таза болым қалпынмен 1973 жылы сәуір айында Тұрсын Махметовтың қолынан партия билетін алған. Қазақстан КП - ның 1990 жылғы XVII съезді және 1990 жылы 2-13

шілдеде өткен Кеңестер Одағы КПСС - тің XXVIII съезінің делегаты болды.

Ол - тарих. Өмірдің өткелі. Себебі, партия - ортақ мүделі, ерікті қоғамдық одақ. Жұмылдырушы құрал. Партия қызметті елге қылады. Партияның мүшесі болған Оралбек Нұрсейітұлы еңбегін елге арнады. Онда несіне партия қатарында болғанын сөкет көреді. Партия билетін өзіне сақтап қалдырады. Партия қызметінде нұсқаулар мен партия жұмысына өркенді үйреткен обком хатшысы Сақан Құсайынұлына деген Оралбек Жақияновтың ризашылығы мол.

КСРО жоғарғы кеңесінің депутаты еңбек ері Құсайынов Сақан - 1978 - 1981 жылдары Талдықорған облысы партия комитетінің I - ші хатшысы болып қызмет жасаған.

Қазіргі партия жайында Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов:

- Партияның нығайуы сарқылмайды. Құш - қуаттың қайнар көзі, бітпес, бітелмес бұлағы жастар. Солардан тіректі іздеп, соларға сүйену қажет. Сасық қулық, арамзалық емес. Енді келе жатқан, бұзылмаған еңбекші жас буыннан «басқа лайық бөрік» дегендей, басшылар әзірлеу керек. Жастар жаңаша жол табады. Жастар басты шешуші рөл. Міне, партияны осылай жасаса болар, - дейді ашып айта.

Құрылыстың барлық саласынан сатылап өте, партия нұсқаушысы қызметін оралымды игерген, судай тасып, оттай лаулап жанған ордалы отыз жеті жасында Оралбек Жақияновқа «Талдықорған колхоз құрылыс» трест басқармасына басшы болуға обком партиясы хатшысынан ұсыныс түседі.

1981 жыл. Обком партия хатшысы Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев:

- Жігіт төресі - іскер. «Талдықорған колхоз құрылыс» трест басқарма бастығының орны босап тұр. Міндетінді жақсы жүргізсең, ары қызметпен өсуіңе жол болады, - дей, алты папканы көрсете:

- Мынау «Қаз/колхоз/аралық құрылыс» орталық аппаратынан сол басшылық қызметке ұсынылған азаматтардың құжаттары. Олар ұсынып отырған номенклатура мамандарын шегере өзінді таңдадық, - дейді ашып айтып. Оралбек Жақияновқа облыс хатшысының орынбасары Болат Батаалов:

- Не өшесің! Не өшесің! Іскерлігіңді көрсететін кезің келді. Қаймықпа! - дейді дем бере қолдап.

Қарапайым адам үздік, озық келеді. Трест басқарма қызметкерлерімен ауыртпалық тағдырын байланыстыра көтере Оралбек Жақиянов:

- Сенім сұрапыл күш - сең бұзарлық, - дей қызметіне барлық ынтасымен беріле кіріседі.

Әлиұлы Әбубәкір Тыныбаев - 1981 - 1986 жылдары Талдықорған облысы партия комитетінің I - ші хатшы қызметін жасаған.

Сол тұста «Талдықорған колхоз құрылыс» трест басқармасында 15 бөлім болып, 6 мың адам жұмыс жасайды. ЖМК (ПМК) - лары Жаркент, Кербұлақ, Кировск, Талдықорған, Сарқан, Қапал, Ақсу аудандарында орналасқан. Мекемеде құрылыс техникалары жеткілікті. Жетпегенін трест басқармасы толықтырып отырады. Трест басқармасының кешенді технологиялық басқармасы Қарабұлақта орнығады. Трест басқармасы қарамағында мықты автобасы да болады.

Оралбек Жақиянов «Талдықорған/колхоз/құрылыс» трест басқарма бастығы болып, ұжым ауанымен ұйыса 1980 жылдың қараша айынан 1981 жылдың желтоқсан айының аяғына дейін істейді. Аңқиып бекер шатылмай, кенінен қапаш сермеп, адамшылық сипатпен негізінен сүт фермаларын, дөтсад, мектеп, мәдениет үйі құрылыстарын салдырумен айналысады. «Тәуекел түбі жел қайық, өтесің де кетесің» деген батыл әрекеттерімен құрылыстың сиқырлы сырларына құлаш ұрады. Ол істері оң болып, сын мен сөтсіздікке ұшырамай, «Талдықорған колхоз құрылысы» трест басқармасының көрсеткіші бұрынғы жылдар көрсеткішінен еселей артып, 15,5 миллион сомға жетеді.

Реті табылып, мажлус маман бастық таңдауы дөп болғанына ҚазССР «Қаз/колхоз/аралық/құрылысының» бастығы Шардарбеков Шәріпбек төбесі көкке жеткендей қуанып, облыс басшысы Тыныбаев Әбубәкірдің көрегендігіне риза болады.

Оралбек Жақияновтың:

- Өзірге басқа қызметке ауыспай, сол қызметте істей тұрайын, - деген қарсылығына, Тыныбаев Әбубәкір Әлиұлы 1982 жылы желтоқсан айында Талдықорған облысы обком партиясының хатшысы:

- Өзіңді кандидаттар ішінен таңдап алдық. «Талдықорған колхоз құрылыс» трест басқармасының негізгі жұмыс

ФИБРАТ ҒҰМЫР

нәтижесін жақсы көтердің. Жетелі жеткізгің келеді. Ал, «Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқармасы одан да үлкен мекеме. Құрамында жиырма жеті ұжым. Аудандарда 18 ЖМК, Талдықорғанда 250 машиналы үлкен автобазасы және УМС - сы орналасқан. Трест жұмысы ақсап түр. Оны көтеру облысқа және партияға маңызды. Партия бюросы шешті. Партия жұмсады, барасың! - деген тоқ етер жасап:

- Ертең сағат тоғыздан қалмай Қазақстан ОПК хатшысы Коркин Александр Гаврилович кабинетінде болатын бол! - дейді бұйыра.

Ол қызметке тағайындалу барысында Оралбек Жақиянов Қазақстан ОК-дегі бөлім басшысы, Қазақстан ОПК Компартиясы құрылыс бөлімінің басшысы, Қазақстан орталық комитеті компартиясының екінші хатшысы алдында сұхбат сынақтан өтеді. ҚазССР ауыл шаруашылық құрылыс министрі Қорған Нұрханұлы Мусиннің де алдынан сынақтан өтеді. Қорған Мусин:

- Қаз ССР-ы бойынша 33 трест басқармасының ішінде «Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқармасы ең соңғы орында тұр. Бар күш, жігеріңді салуың керек, - дей тағайындалуын қолдап, қажет болсам әрдайым «хабарлас» деген ықылас ниет білдіреді.

Талдықорғанға Оралбек Жақияновпен бірге ҚазССР ауыл шаруашылық құрылыс министрінің орынбасары Панкратенко Сергей Иванович келеді. Оларға Талдықорған обком партиясының хатшысы Горкопенко Анатолий Федорович, Талдықорған атқару комитетінің төрағасының орынбасары Гусев Анатолий Иванович қосылып, трест басқармасының акті залында жаңа бастықты таныстыру жиынын трест басқарма ұжымына ашады.

Жиынға келген трест басқармасының барлық қызметкерлерімен, ЖМК бастықтарымен, екпінді жұмысшылар қатарымен акті залы ылық толады. Сергей Иванович Панкратенко ҚазССР ауыл шаруашылық құрылыс министрінің Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов «Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқармасына бастық болып тағайындалуы туралы бұйрығын оқығаннан кейін, осы трест басқармасын басқарған Владимир Копылаш:

- Оралбек Нұрсейітұлы Жақияновты жақсы білемін. Құрылысты меңгергеніскер азамат. Партиялық нұсқаушы қызметінде болғанында осы трест басқармасынан көмегін аямады. Ұйымдастыра және басқара біледі. Сондықтан мен осы трест басқармасын басқарғанын қолдаймын. Өте дұрыс тағайындау, - деген сөзімен аяқтайды.

Одан кейінгі сөйлегендердің сөздерінің төркіні Владимир Копылаш айтқанымен сәйкес болып, тағайындауды барлығы қолдайды. Ешкім қарсылық білдірмейді.

Бөлім басшылары Оралбек Жақияновтың трест басқармасында қызметі басталысымен қабылдауын сұрайды. Жасқана, жасырына кіре, көкейінде жиналған мұңдарын шағып, «анау мынадай», «мынау сондай» деген жеке бастық өсек, аяңды жаудырады. Іскер азаматтардың осындай күйге түскендеріне трест басқармасының бастығы Оралбек Жақиянов амалсыз тындап, морт шешім шығармай, жанашыр зайыбы Ғалия Әмірханқызының айтқан даналығын іске асырып қолданады. Сыртынан жамандағандарды бетпе-бет беттестіре, көзбе - көз шеше түйіндеп, Оралбек Жақиянов:

- Залым алауыз азған ұрпақ емессіздер. Қылықтарың іске қолы жетпегеннің ұлуына ұқсайды. Көңілдерің соқыр ма? Болашақта ауызбірлік керек! - дейді. Енді ондай әрекеттерге бармастай, еңбекпен ризық іздейтін, жамандық құмайтыдай жасап, ұжымдағы психологиялық климат пен жағдайды түзейді.

- Қарамағындағы қызметкерлердің осындай өсек-аян қылықтары болар, бұрынғы бастық жұмысына бөгет болған, - деген оймен Оралбек Жақиянов оны болдырмастай тосқауыл жасағанына шүкірлік етеді.

«Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқармасында Оралбек Жақиянов 1981 - 1987 жылдарда, алты жыл, қызмет жасағанында құрылыстың ең түйіткіл, осал жерлерін анықтап, оны дер кезінде игере, қажетті техника, жабдықтар, құрылыс материалы, құралдарымен қамтамасыз етеді.

Тынымсыз салиқалы еңбегінің арқасында 1985 жылы Талдықорған облыстық кеңесінің депутаты болып сайланады. «Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқарма бастығы Оралбек Жақияновтан ҚазССР ауыл құрылыс министрі Қорған Нұрханұлы Мусин көмегін аямай, бетін қайтармайды. Жаңа

техникалар кран, эксковатор, бульдозер, жүк тасымал автокөліктерін жоспардан тыс бөле «Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқармасын қамтиды.

Бұрынғы 16 миллионнан трест басқармасы жұмыстарының көлемі 30 миллион қаржыға өседі. Республика бойынша II орын алады. Ол үлкен нәтиже. Трест басқарма ұжымы ҚазССР орталық комитетінің, КСРО ауыл құрылыс министрінің ауыспалы қызыл туымен марапатталады. Трест басқармасына қарайтын кешенді технологиялық басқармасы, үй құрылысына арналған керемиттен көлемді бұйымдар: балкі, фундамент, қабырға, маңдайша, баспалдақ, төбе жапқыш шығаратын керемит зауыты, оқыту комбинаты іске қосылады. Трест басқармасына қарайтын құрылыс мекемелер саны 30 - ға жетеді. Алакөл ауданында 1200 сиырлық сүт фермасы, Сарқан ауданында құралдармен жабдықталған 800 сиыр тұратын сүт фермасы, Қаратал ауданында 30 мың торай бордақыланатын біртұтас қораптағы кешен салынады. Барлық жұмыстарды механикаландыруға қол жеткізеді.

Сылақ жұмыстарын механизациялауға, шлангі арқылы ерітіндіні жоғарығы жеткізетін сораптар қолданылады. Күрделі жауапкершілігі мол құрылыс жұмыстары да трест басқарма ұжымы жүрексінебей алады. Көл бетінен 2 мың метр биіктікте орналасқан, «Көктөбе» телемұнарасымен тікелей байланыстағы «Шаған» телемұнарасын орнатуды Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов өзі жетекшілік жасап, рациямен басқарады. Телемұнараны орнатуда «Қазстальмонтаж» бен арнайы мекемелердің мамандары бірлесе жұмыс жасайды.

«Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқармасы бастығының орынбасары болған, кейінде Ресей есептеу палатасы мен Ресей Федерациясы президентінің қағаз ісі басқармасының қызметкері Надежда Яковлевна Богомолова:

- «Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқармасын Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов басқарған кезең - алтын мезгіл, - дегені дәл айтылған шынның жүзі.

«Мәдениет үйі» іске берілуге Бөрлітөбе ауданының орталығы Лепсі станциясында жақындаған кез. «Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқармасы базалық мекемесі саналатын Талдықорған қаласындағы №174 КТУ - дың «ағаш жону» мамандығы бойынша II курсының 25 оқушысы машықтанудан өтуге мәдениет нысанына келеді. Тапсырма - ағаштан еден салу жұмысы. Машықтану жұмысы қарқынды жүреді. Ағаштан еден салуды тәлімгер үйретуімен оқушылар тез игереді.

- Талдықорғаннан трест басқармасының бастығы Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов ертең осы объектіге келеді. Жұмысшылармен жиын өткізеді. Мәселелері болса, жатсынбай айтатын болсын! - дегенді айтып, прораб алдын - ала хабарлап қояды. Ертесінде таңғы сағат сегізде объектіде жиын басталады. Трест басқармасының бастығы Оралбек Жақиянов:

- Жағдайларыңды, жұмыс туралы қаймықпай айтыңдар? Арасында материал немесе басқадай жөнсіз кедергілермен жұмыс тоқтап қалып жатқан жоқ па? - деген ортақ сауал қояды. Бригадірлер өз мәселелерін жетегейлі жеткізеді. Шешімі дереу табылып жатады.

- «Мәдениет үйін» өткізу мерзімі таяп қалды. Уақытпен шектелмей, жақсы жұмыс істедіңдер. Еңбекке үстем сыйақы тағайындалады, - деген сөзбен трест бастығы Оралбек Жақиянов сөзін енді аяқтай бергенінде, оқушылардың біреуі:

- Кеше түстен бері жүздік шеге болмай, жұмыс тоқтап қалды, - дейді жиындағыларды өзіне қарата. Тәлімгері:

- Қап, бүлдірдің, - дейді көзін төмен түсіре. Трест басқармасының бастығы Оралбек Жақиянов сыпайылықпен:

- Ол қалай? Қол жетім материал, шеге зауыты қастарында емес пе? - дегені сол еді. Прораб сытылып жиыннан жөнеп береді. Жиындағылар аң - таң. Ағаш жәшікті екі жағынан қолымен ұстап сырттан көтере әкеп, оқушылар алдына қоя прораб:

- Мінеки, шеге дайын, - дейді. Жайсаң мінезді трест басқармасының бастығы Оралбек Жақиянов жылы жүзбен күлімдей прорабқа:

- Жарайсың! Өте дұрыс. Енді қайталанбасың! - дейді. Жақсы басшының кейі болмайды. Жұмысшылар жиынға риза. Жұмыстарына көтеріңкі көңілде кірседі.

Қалалық милиция бастығы Жәкөтайұлы Әділ мен «Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқармасының бастығы Оралбек Жақиянов 1986 жылдың 17 желтоқсанында

Талдықорған қаласының №174 КТУ жатақханасында таңғы сағат алтыда аяқ асты келеді. Сыртқы есікті вахтер ашып, ішінен «неғып ерте келді» деген үреймен секемденеді. Жатақханадағы сол күнгі кезекші оқыту шебері алдарынан шығады. Аң - таң болған оқыту шеберіне милиция бастығы еппен басымен белгі бере оңаша шығарып:

- Дүрліге жастар көшеге шықпақшы. Сіздерде тыныш екен. Осы қалыпты сақтау қажет. Қанша оқушы жатақханада тұрады? - дейді. Кезекші оқыту шебері:

- Саны 400 - ге жуық, - деген жауап береді. Трест басқарма басшысы Оралбек Жақиянов:

- Республика қалаларында студент жастар үндеу тастап, жаңадан тағайындалған Республика басшысына қарсылық білдіруде. Күндіз шерумен алаңға шықпақшы. Алдын - ала соған қобалжып, милиция бастығын ерте, жастар бекерден ұрынып қалмас үшін ертерек осында келдік, - дейді келген жөндерін түсіндіре. Кезекші оқыту шебері:

- Қандай амал, не шаралар жасау керек, тиыш болу үшін? - дейді. Оралбек Жақиянов:

- Таңғы сағат жетіден күн тәртібі бойынша оянтандар? Ұйықтасын, ұйқылары қанғанынша, - дейді. Оқыту шебері:

- Ертеңгі дене шынықтыру, таңғы ас, одан сабақты қайтпекпіз? Режим ғой? - дейді дауысы шар ете. Оралбек Жақиянов:

- Жаттығу мен сабақтар өзирге өткізілмейді. Таңғы асты жатақханада тұратын оқушылардың ұйқылары қанып, өздері ояңған соң КТУ басшылары ұйымдастырып береді. Аш қалмайды. Оқу орны басшыларымен шешіледі. Еліктеп «алаңға шығамыз» дегендей дүрлікпендері жөн. Жатақханада тұратынды сыртқа шықпай, бөтен жандар ішке кірмегені абзал, - деген кеңес айтады. Милиция бастығы Жәкөтайұлы Әділ кезекші оқыту шеберіне:

- Сақтықта қорлық жоқ. Күшейтілген күзетті осында алдыртамын. Оларды көзден қарақтау бөлмеге орналастыр, - дейді өтіне. Кезекші оқыту шебері айтқанын мақұл көреді.

Білік өзекті Оралбек Жақияновтың айтқан кеңесін №174 КТУ оқу орны басшылары бұлжытпай орындайды. Талдықорған қаласындағы №174 КТУ оқу орнынан 1986 жылғы «желтоқсан оқиғасына» оқушылар қатыспағаны «Талдықорған ауыл құрылыс» трест басқарма бастығы Оралбек Жақияновтың көргенді жасаған шарасының іске асырылғандығы болатын. Жеті жүзге таяу №174 КТУ - да оқитын ұрпақ 1986 жылғы «желтоқсан» оқиғасында еш тәртіпсіздікке ілікпей, есен-аман оқуларын жалғастырды.

Білік «желтоқсан» оқиғасына қатысып ұсталғандарды оңдырмағаны өйгілі.

Отыз жеті жыл сол оқиғадан бері өтті. Білік тарапынан «1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасы» делінсе, халық бағалап «желтоқсан көтерілісі» дейді. Отаршылдықтан арылу қажеттігін жөне құқтары тым шектелген халқымыздың шынайы теңдікке, тәуелсіздікке жетуі керек екенін жастар мәлімдеген еді. Қазақ ұлтына желтоқсан оқиғасы серпін берді. Бірақ, саяси бағасын әлі күнге алған жоқ.

1987 жыл. Көршісі Ұлы Отан соғысының ардагері, «Талдықорған су құрылыс» трест басқармасының ЖМК бастығы Фазыл Сейітұлы Кенжеғарин жазиралы жазды күні Оралбек Нұрсейітұлымен үйге кіреберісте кез болып, аман саулықтан соң:

- Сіз туралы түс көрдім. Ақбоз атпен тауды бетке ұстап, шаба жөнелдің. Ғұмырыңда жақсы өзгерістер болады! - дейді түсін өзі жори жеткізіп.

Фазыл Кенжеғарин айтқанындай, 1987 жылы облыс обком партиясының 1 - ші хатшысы Владислав Григорьевич Ануфриев Оралбек Жақияновқа:

- Шаруашылықты басқару жұмыстарының баспалдақтарынан өттің. Енді партия жұмысына ауысуың керек, - дейді. Нулы, сулы, ырысты, тарихи жер Қапал аудандық партия комитетінің 1 - ші хатшысы қызметін ұсынады. Мемлекеттік, қоғамдық аудандық жұмысшылардың басқарушы және бастаушы күші - партия комитетінің бірінші хатшысы саналған.

Владислав Григорьевич Ануфриев - 1986 - 1988 жылдары Талдықорған облысы партия комитетінің 1 - ші хатшы қызметін істеген.

Ол нағыз партиялық қызмет еді. Оралбек Жақиянов аудандық партия комитетінің 1 - ші хатшылығына тағайындамас бұрын ҚазССР орталық партия комитетінің 1 - ші хатшысы Д.А.Қонаевтың алдынан сынақтан өтуі керек еді. Д.А.Қонаев қызмет бабымен орнында болмайды. Оралбек Жақияновты ҚазССР орталық комитетінің

екінші хатшысы Сағидолла Құбашев қабылдап:

- Қапал - ерекше аудан. Жоғарғы жаққа жергілікті халықтан шағым көп түсті. Негізсіз емес. Халықтың айтқанын елеп, санасып істеуге қол тап, - деген ниетпен тағайындалуын қолдайды.

Оралбек Жақияновты Қапал ауданындағы қызметтестері мен 1 - ші хатшы орнына тағайындалғаны туралы бұйрықпен таныстыру үшін облыс басшысы Владислав Ануфриев өзі алып барады.

XIX - XX ғасырларда зерттеу жүргізген орыс зертеушілері: «Город Копал столица северных станиц», - дейді.

1862 жылы Санкт - Петербургтен шыққан «Город Копал с его округом» деген еңбегінде Н.А.Абрамов: «По преданиям казахи говорят, что под курганом была могила владыка - Капала. При устройстве домов этот курган был скопан», - дейді. Басында «Солдат (Отряд)» сайында 1846 жылы, сосоң 1847 жылы үш Қопалы шатқалында әскери пост орнайды. 14 тамыз 1847 жылы Қопал бекініске айналады.

Зерттеу еңбегінде Н.А.Абрамов: «Батыс - Сібірдің генерал - губернаторы, князь Горчаковтың тырысуымен Қопал бекінісі орнады. Қопалы шатқалының атауы берілді», - делінеді.

Қопал орналасқан кең алқапты жазық «Жөке» алқабы аталған. «Жетісу суреттері» туындысында Ильяс Жансүгіров: «Жөкенің кім аңсамас балдай суын», - дейді. Отаршыл казак - орыстар жөке (вязь) ағаштарын түгелдей отап алады. Ақын Сара: «Күрөңбелдің қоңыржай сауырында», - десе, ақын Әсет Найманбаев: «Ақтасты, Баянжүрек, жер қайда Күрөңбелдің салқынындай», - дегендей, одан «Күрөңбел жазығы» аталады. Кең жазықтың батысын қазақтар «Қопалы», «Үш Қопалы» десе, орыстар «Поповский большой саз, малый саз» деген.

Этнограф И.И.Завалишин «Батыс-Сібір бейнесі» еңбегінде: «Қопал станицасы 1848 жылы орнады», - деп жазады. 1848 жылы 22 мамырда Қопал мен Аяғез аралығында пошта қатынас жолы ашылады. Пошта жолы бойына 12 бекет (пикет) салу ұйғарылады. Ағылшын Томас Аткинсон әйелі Люсиямен 20 қыркүйек 1848 жылы «Копальская» станицаға келеді. «Копальская» станицасында Томас Аткинсонның 4 қараша 1848 жылы Алатау - Тамшыбұлақ деген ұлы туады. Тамшыбұлақ - Қапал ауылының орталығында орналасқан. Жар қабырғадан адамның көз жасындай тамшылардан бұлақ болып құралған шипалы су көзі. Тамшыбұлақ суын көне заманнан бері жергілікті халық әртүрлі ауруларды - көз, асқазан, сүйек - буын, жүйке, т.б. емдеуге қолданған. Тамшыбұлақ суы қыста қатпайды. Шоқан Уәлиханов: «Күн сәулесіне құбылған Тамшыбұлақ тамшылары қосыла алмаған екі ғашық, сұлтан қызы мен шопан ұлының көз жасы», - деген аңызды Қопалдың көне көз қарттарынан жазып алады.

Қопал - Жоңғар Алтауының етегінде 3,200 фут абсолюттік биіктікте орналасқан. Татарлар слободасы 1848 жылдан бастап тұрғызылады. Қопалы бекінісі мен орыс-казак слободасы аралығында сауда орны орнайды. «Айқапқа» шыққан «Қазақ даласынан» материалында Келбай Төгісов: «Қопалдың тәуір адамдары - Көсебаев, Ғабдалсатаров, Тәуіпов, Мұхамедиев, Садықов, Сөксеров, Төреғұлов, Әбсатаров, Янгальшов дегендер. Бұл кісілер Қопал халқын өрге сүйреп, мектептер салып, мұғалімдер алдыртып, жиын ашып, халық үшін тырысушылар. Тырысбек қажы Маманов қазақ ішінде даңышпан кісілерден саналып, тіршілігінде қолында барын милләт жолына жұмсаған адам», - деп жазады.

Қала статусын Қопал станицасы 1854 жылы алады. Қопалы округі 1854 жылы ликвидацияланып, Қопал уезі Семиречье облысы құрамына кіреді. Семипалатинск облысы құрамында 19 мамыр 1854 жылы Қопал ішкі округі ұйымдастырылып, шекаралық аймақ ретінде Батыс - Сібірдің генерал - губернаторлығына қарайды.

«Шөңкей» жазығы Баянжүректен Қапалға қарай созылады. Тарихи рисаласында Ильяс Жансүгіров: «Жоңғардың он мың қолын Шөңкей (Ер Тоқпанбет Тұңғатұлы) батыр Алакөлге дейін қуған. Есімі Матай - Кенже елінің ұраны болған», - деп жазады. Ұран - елдің бірлігі.

Күнделігінде Шоқан Уәлиханов 1856 жылы: «Арасанда түнедік. Төнеке Жетісудың атақты батыры бізге келді. Үлкен мұрын, шүңірек көз, шудалы төс, сақалды. Түрі жирен. Денесін жабайы адамдікіндей сары жүн басқан, өзі шексіз мығым», - дейді. «Арасан» сөзінің төркіні ежелгі тілде - «рашайана», мағынасы - «шипа, ем суы» дегендік.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.
(Жалғасы бар).

БАЛА ЖӘНЕ ӨРТ

Өмірінде өртті бір рет көрген адам оның қандай апат екенін біледі. Өрт жолындағының бәрін жалмап, тіпті ең қымбатты – адам өмірін де аямайды.

Біздің күнделікті тіршілікте: «Сіріккемен ойнама», «Отпен ойнау қауіпті», «Өрт – тілсіз жау» және т.б. ұрандарға құлағымыз үйреніп кеткен. Көп жағдайларда балаларды көз қызықтыратын белгілері бар сірікке, темекі қораптары қызықтыратыны естен шығып жатады.

Балаларда үлкендерге тән психологиялық қорғаныс реакциясы толық дамымаған. Көпшілігі өрт кезінде аман қалу үшін не істеу керектігін біле бермейді. Осы себептерден өрт кезінде көп жағдайларда төсек астына, шкаф ішіне, көрпе астына немесе бөлмедегі қуыстарға тығылып, өрттен қашады. Есік ашық болса да шығуға тырыспайды. Оларды қою түтін жайлаған бөлмелерден табу өрт сөндірушілерге қиындыққа соғып жатады.

Ауданымызда балаларға оттан абай болуды үйрету жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, бала бақшаларда өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жетілдендірілуде, бұқаралық ақпарат құралдары қамтылуда.

Атап айтсақ, Ақсу ауданында балалармен өрт қауіпсіздігі бойынша сабақтар өткізіліп тұрады, балалардың отпен ойнауын және өрт кезінде балалардың қаза болуын болдырмау үшін.

Соған қарамастан, бұл алдағы балалардың кінәсінен болған өрт санын кеміту үшін атқарылатын жұмыстардың бір бөлігі. Әрбір ересек адам олар үшін жауапты екенін естен шығармауы ең маңызды мәселе. Естеріңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес, өртке қарсы күрес қана емес, ол ең алдымен балалырымыздың бақытты да, шаттыққа толы өмірі үшін күрес.

Құрметті ата - аналар, есте сақтаңыздар! Баланың өмірі СІЗДЕРДІҢ қолдарыңызда және ол БАҒАЛАНБАЙДЫ!

От жаққанда абай болыңыз!

Қыс мерзімі тек өртпен ғана емес, сондай-ақ, тұншықтырғыш газбен ұлану себептермен де қауіпті. Тұншықтырғыш газдың негізгі қоспасы көміртек тотығы болып табылады. Ол – түссіз, иіссіз, дәмсіз газ. Таза күйінде өте әлсіз, болмашы ғана иісі бар. Оны иіскеген кезде сезілмейді, сол себепті де адам тез уланып қалады.

Қайғылы оқиға мен өрттің басым бөлігі көбіне түтін шығатын мұржаны тазаламау мен пеш ақауын дер кезінде жөндеумен орын алады. Тұрғын үйде пеш және басқа да жылытқыш құралды пайдалану кезінде зардапқа әкелетіндей немқұрайлық танытудан асқан қауіп жоқ екенін де ұмытпаған жөн. Мұндай қайғылы оқиғаның алдын алу үшін қарапайым өрт

қауіпсіздігі ережесін ұдайы сақтап отырса болғаны. Мәселен, жанып тұрған пешті қараусыз қалдырмау керек. Оны кішкене балаға табыстауға болмайды. Мұржаны үнемі күйеден тазалап, жөндеуден өткізіп, пайда болған жарықты тез арада бітеп тастаңыз. Пештің жарылып кеткен тұстары дба қауіпті. Пеш алдындағы ағаш еденнің үстіне өлшемі 50x70 см.

Темірден жасалған қаңылтыр қақпан дұрыс.

Құрметті жеке үй тұрғындары! Қатты отынмен жанатын пеш қондырғысын пайдаланған кезде немқұрайлық таныту қайғылы оқиғаға әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан өз үйіңіздегі пешіңізге айрықша назар аударып, өзіңізді және жақындарыңызды қайғылы оқиғадан сақтаңыз.

Жылу беру маусымында сақ болыңыздар!

Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері өрттердің алдын алу және өрттерде адамдардың өлімін болдырмау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіп жатыр. Осылайша, тұрғын үй секторында және халықтың жаппай жиналатын нысандарында, өрт қауіпсіздігі мақсатында, 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақсу ауданының аумағында жылыту маусымында өртке қарсы қауіпсіздік шаралары бойынша тұрғын үй секторында аралау профилактикалық жұмыстары жүргізілуде.

Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, тұрғын үй секторы өртке қауіпті болып қалады. Ақаулық – өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін бұзатын тұрғындардың өздері.

Өрт қауіпсіздігі ережелерінің негізгі бұзушылықтары тұрғын үй ғимараттарында газ баллондарын орнату, жем - шөптің дұрыс сақталмауы, жылыту пештерінің құдықтарын дұрыс салынбауы, әртүрлі жанғыш материалдардың шатырларында сақтау, электр есептегіш калибренген кірістірулерді пайдалану және мас күйінде темекі шегу болып табылады. Бұл өрт қауіпсіздігінің бұзылуы, соның салдарынан өрттер мен адамдар шығыны болады.

Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімі жылыту маусымында өрт қауіпсіздігі бойынша барлық іс-шараларды қатаң сақтау керек екендігін естеріңізге салады. Үйіңіздің әл-ауқаты Сіздің орындалатын әрекеттеріңізге байланысты екенін біліңіз!

Өрт шыққанын білгенде...

Өрттің ауқымы кішкентай болса, крандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз; Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекен-жайды, ненің қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апаруға керек. «Менен де басқалар хабарласқан шығар» деп отыруға болмайды;

Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз;

Егер өрт көп қабатты ғимараттың төменгі қабатында шықса, ғимараттың жоғарғы қабатына немесе төбесіне шығып, көмек күту керек;

Далаға шығу жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тастап шығыңыз;

Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап, басыңызға ішік, жейде, орамал сынды қалың дымқыл жамылғы жабыңыз. Дел осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек.

Ол түтіннен уланып қалудың алдын алады;

Есіктерді қатты жабыңыз. Себебі, от оттегі келіп, жел соққан сайын өрши түседі;

ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Тұрғын үйлердің өртке қарсы жағдайын талдау олардың қауіпсіз қолданылуы негізінен электр жабдықтары, электр қондырғыларымен құралдарының техникалық жағдайына байланысты екендігін көрсетеді. Өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қатар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігінің жеке әдісі жану кезінің пайда болу қауіпін, тез жаңғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайда болуын жоюды немесе шектеуді көздейді. Өрт қауіпсіздігі талаптарымен элетротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезінде орындалатын ережелер белгіленген, оларды орындау өзінді өрттің пайда болу қауіпінен барынша қауіпсіздендіру мүмкіндігін береді.

Электр құралдарындағы өрт қауіпсіздігі

Электр құралдарын пайдаланған кезде:

- электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;

- тежегіштердің балқығыш ендірмелері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған ендірмелерді қоюға болмайды, бұл барлық электр сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайда болуына әкеліп соғады;

- ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен түс қағаз жапсыруға;

- ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға;

- электр шамдарын жанғыш материалдармен жабуға;

- жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Электр сымдарына мөлшерден тыс салмақтың түсуін, олардың қатты қызып кетуі мен өтпелі қарсылығын болдырмау үшін жоғары қуатты бірнеше электр құралдарын бір розеткаға қосуға болмайды. Жиі түрде өрттің себептері - қосылып, қараусыз қалған электр жылытқыш құралдарының (электр плиталары, су қайнатқыштар, каминдер, үтіктер, грелкалар) жанында орналасқан жанғыш заттардың тұтануы болып табылады. Қосылған электр жылытқыш құралдары жылуы сақтайтын жанбайтын қойғыштарға орнатылуы қажет. Сымдардың оқшауларының кеуіп кетуі мен зақымдалуының алдын алу үшін оларды жылытын жерлердің (пештер, түтіндіктер, жылыту батареялары, т.б.) бетімен жүргізуге болмайды.

ЕСКЕРТУ!

Үйден ұзақ уақытқа кеткен кезде балаларыңызды жалғыз қалдырмаңыздар және электр жылытқыш және жарық бергіш құралдардың өшірілгендігін тексеріп, көз жеткізген жөн.

ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫНАН ШЫҒАТЫН ӨРТ

Өкінішке орай, көпшілік жағдайда өрт тұрғындардың өрттен сақтандыру ережелерін сақтамауынан болады. Мекемелерде, сауда орындарында, тұрғын үйлерде немесе пәтерлерде электр жүйелерін қолдануда, оны мезгілінде жөндеп тұрулары, жаңадан салушылар оны салу жұмыстарын сенімсіз адамдарға тапсырмаулары керек. Электр сымдарды нысандардың, үйдің жанатын бөліктерінің үстімен жүргізуге болмайды, арасында бөлінгіш жанбайтын зат болуы тиіс. Электр жылыту және басқа да электр құралдарды қосылған түрінде қараусыз қалдыруға, тастауға болмайды.

Көбінесе адамдардың өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан, немесе балаларды қараусыз қалдырғаннан өрт шығады.

Ұялы телефондарды зарядқада ұзақ қалдырудың және зарядқада тұрған ұялы телефонды пайдаланудың салдарынан өрттің шығуы, күйіп қалу жағдайлары көптеп кездеседі. Сол себепті ұялы телефондарыңызды ұзақ уақытқа зарядқада қалдырмаңыздар, зарядқада тұрған ұялы телефонды пайдаланбаңыздар және балалардың ұзақ уақыт пайдалануына жол бермеңіздер.

Сондықтан да әркім өз ісіне ұқыптылықпен қарап, ертеңгі күннің жағымсыз жағдайын алдын ала ойлап, болжап, уақытылы алдын алып, болдырмай отырса, барлығы да дұрыс болар еді. Ол үшін өздеріңіз оттан сақ болып; балаларға сірікке, электр құралдары ойыншық емес екендігін және де ойыннан өрт шыққан жағдайда олардың салдарының қаншалықты ауыр болатындығын жеткізу қажет. Розеткаларды жабық күйде ұстап, балаларды қараусыз қалдырмаңыздар. Электр құралдарын пайдаланғанда абай болыңыздар!

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлаңыздар – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:

- Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін буратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеруге. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.

- Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы крандарды жабуға.

- Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.

- Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және аспаптардағы крандарды жабуға, үй - жайды желдету үшін терезелер мен желкөздерді ашуға, 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақыртуға (газдалған үй-жайдан тыс). От жақпауға, темекі тартпауға, электр жарығы мен электр құралдарды қоспауға және қосулы болса, сөндіремеуге, электр қоңырауларды пайдаланбауға.

- Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін тәуліктің кез - келген уақытында пәтерге газ шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін олар қызметтік куәліктерін көрсеткенде кіргізуге.

Халыққа тыйым салынады:

- Үйлерді (пәтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге

- Кез - келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

- Сәйкесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға.

- Газ аспаптары орнатылған орынжайларды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.

- Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

- Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.

- Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.

- Желдету арналарын бітеп тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітеп немесе сылап тастауға.

Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ПАРЫЗЫМЫЗ!



Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат пен қоғамдық бәсекелестік пайда олған жерлерде тамырын жайым, бүгінге дейін жойылмай отырған ауыр кесел. Бұл дерт дамыған елдерге де, біздің мемлекетімізге де зор қауіп төндіріп отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс - әрекет жасалған жағдайда қандай іс - қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

күрес туралы» Заңы талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс - әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпестеледі. Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен пара алушының жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Қазіргі кезде «Пара берсем, мен жазаланбаймын, пара алушы ғана жазаланады», – деген тұжырымдама қалыптасып келеді. Бұл – Қате! Пара алушы да, пара беруші де жазаланады. Сондықтан да, пара алушыны ғана емес, пара берушіні де жемқор, қылмыскер ретінде қарап, әр адам пара бермей, өзінен бастауы қажет.

Қоғамның барлық күш - жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Д.КИРГАБАКОВ,
Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Адам папиллома вирусы – адамның терісін және шырышты қабаттарын зақымдайтын вирус түрі. Қазіргі таңда аталған вирустың 200 астам түрі белгілі. 14 астам түрі жоғарғы онкогенді қауіп тудырады. Бұл вирус көбіне терінің шырышты қабаттарында дамиды, осымен асқыну қауіпі жоғары. Әсіресе, тәжірибеде жиі кездесетін жатыр мойнының обырына әкеп соқтыруы мүмкін. Жатыр мойны обырының дамуы әйел адамның папиллома вирусын жұқтыруымен байланысты. Вирусты жұқтырғанда, ол оның ағзасында ешқандай ауру белгілерін тудырмай тарала береді. Науқас өзінің қатерлі дертке шалдыққанын аурудың соңғы кезеңіне дейін білмей жүруі мүмкін. Сол себепті тұрғындарды екпе алуға, жыл сайын бір тексерістен өтіп тұруға шақырады.

Ең басты вирустың пайда болуына, адам иммунитетінің төмендеуі. Бұл вирус адам ағзасында көбеюге бейім. Ол түрленген сайын түрлі ауруларды тудырады. Әсіресе, онкогенді дерттердің вирустары жылдам репликацияланады (көбейеді). Сәйкесінше, салдары адам өміріне қауіп төндіретін қатерлі ауруларға әкеп соқтырады. Кейбір жағдайларда ағзаға түскен вирус 12-24 айдың ішінде өзі жойылып кетуі де мүмкін. Десек те, «Сақтанғанды сақтайды», – демекші екпе салдырып, профилактикалық тексерістен өту – әр адамның өз денсаулығы үшін өте маңызды.

Вирус адамдар арасында тұрмыстық жанасу жолымен – қол алысу, сүйісу, терідегі зақымданулар мен жыныс жолдары арқылы жұғады.



Әсіресе, вирус ылғалды ортада тез таралуға бейім. Тікелей бала туу кезінде, вирус анадан сәбиге оның босану жолдарымен өту кезінде беріледі. Сондықтан қоғамдық орындарда сауналарға, моншаларға, спорт залдарына, дәретханаларға, бассейндерге барғанда өзіңізді ұқыпты ұстағаныңыз абзал.

2024 жылдың күз айынан бастап елімізде 11 жастағы қыз балаларға адам папиллома вирусына қарсы екпе салынып басталып отыр. Күні бүгінге дейін аталған вирусқа қарсы екпе өзге елдердің тәжірибесінде қолданылғанымен, елімізде етек алмаған еді. Быылдан бастап, бұл шара ұлттық күнтізбемізге енгізілген. Жаңа екпені қолдану біздің мамандар үшін алғашқы тәжірибе болғандықтан, екпе алды түсіндіру жұмыстары қайта жаңғыртылды. Ата - аналарға, қыз балаларға адам папиллома вирусы мен оған қарсы жасалатын екпе туралы толыққанды ақпарат беру шаралары жүргізілуде. Себебі, бұл екпе – онкологиямен күресудің жалғыз әдісі.

Денсаулық сақтау жүйесінің мәліметіне сүйенсек, елімізде 25 пен 44 жас аралығындағы әйелдер арасында жиі кездесетін қатерлі ісік түрлерінің ішінде бұл дерт сүт безі обырынан кейінгі 2-ші орында. Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырының 1900-ден астам жаңа жағдайы анықталады. Жатыр мойны обырының күнделікті 5 жаңа жағдайы тіркеледі. Жыл сайын 600-ге жуық әйел жатыр мойны обырынан көз жұмады. Бұл көрсеткішті әр күнге шаққанда, күніне 2 әйел қатерлі дерттен қайтыс болады деген сөз.

Адам папиллома вирусына қарсы вакцинаның құрамында тірі вирустар жоқ, оның құрамында ағзаға түскенде иммунитетті белсенді ететін ететін жекеген вирус ақуыздары бар. Өз кезегінде иммундық жүйе жасушаларымен адам папиллома вирусымен күресуге бағытталған антиденелер өндіріледі. Осыған байланысты вакцина обырды тудыруға қабілетсіз. Керісінше, ағзаны бұл вирусты тануына және онымен күресуіне оң ықпал етеді. Оған қоса, Адам папиллома вирусына қарсы вакцина әйелдердің репродуктивтік қызметіне кері әсерін бермейді және бедеулікке әкеп соғуы мүмкін емес. Бұл әлемнің дамыған елдерінде көп жылдық клиникалық зерттеулер нәтижесінде дәлелденген. Қыз баласы – болашақ ана. Ол еліміздің өркендеп, өсуіне ат салысатын болашақ ұрпақты өсіруші. Ал, ертеңгі ұрпақтың сапалы да саналы болуы әйел адамның денсаулығына тікелей байланады. Сол себепті қатерлі дерттің алдын алу үшін екпе салдырып, тиісті шараларға белсенді қатысуға шақырамын. Бұл жеткіншек қыздарымыздың денсаулығына үлкен жанашырлық танытқанымыз болады.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ!

БЖЗҚ мамандары азаматтарға қоңырау соқпайды!

Соңғы кездерде БЖЗҚ салымшыларына қатысты алаяқтық әрекет жағдайлары орын алууда. Ол үшін әртүрлі жаңа сценарийлер ойлап табылуда. Соның бірі - салымшылар мен алушыларға Қор қызметкерлерінің атынан қоңырау шалып, БЖЗҚ-ға зейнетақы аударымдары қате жасалғандығы, сол үшін оның бөлімшесіне бару қажеттігі және SMS арқылы хабарландыру тәсілімен кезекті электрондық брондауға мүмкіндігі бар екені туралы айтылады. Бұдан кейін алаяқтар телефонға келген талон нөмірін немесе кодты атап, растауды сұрайды. Осылайша олар сіздің банктік шоттарыңызға және жеке мәліметтеріңізге қол жеткізе алады.

Мұндай алаяқтыққа жол бермеу үшін келесіні білгеніңіз маңызды: БЖЗҚ қызметкерлері азаматтарға қоңырау соқпайды! Сондықтан қырағы болып, бөгде адамдарға ешқандай код бермеңіз. Сондай-ақ, бейтаныс сілтемелерге өтпеңіз.

ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАУ ӘДІСТЕРІ:
• Өз кодтарыңыз бен құпия-сөздеріңізді ешкімге, ешқашан айтпаңыз.
• Ақпаратты ресми арналар арқылы тексеріңіз.

• Егер Сізді әлдекім БЖЗҚ атынан мазалайтын болса, тұтқаны қойып, тікелей Қормен хабарласыңыз!

• Қаржылық және зейнетақы қызметтерін алу үшін көмек көрсетуге уәде беретін делдалдардың қызметтерін пайдаланбаңыз. Себебі, сонымен бірге Сіз жеке деректеріңізді құйтырқы әрекеттерге пайдаланатын бейтаныс адамдарға сеніп тапсырасыз.

Осы ақпаратты өз жақындарыңызға таратыңыз. Олар да хабардар болып, қорғана жүрсін!

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан:
enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көп арналы тегін байланыс арқылы, сондай-ақ, **+7 777 000 1418** нөмірі бойынша WhatsApp арқылы, БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X (Twitter) және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

"БЖЗҚ" АҚ 2024 жылдың 9 айында көрсеткен қызметтерінің саны 34 миллионға жуық

01.01.2024 жылы бастап 30.09.2024 ж. дейінгі уақыт аралығында "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) халыққа 33,9 млн. астам қызмет көрсетті. Қызметтердің жалпы санының 16,6 млн. астамы электрондық форматта көрсетілсе, 15,9 млн. жуық қызмет автоматты түрде атқарылды. Бұл операциялардың 96% қашықтықтан көрсетілді. Күндізгі форматта 871 мыңнан астам қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қор кеңселерінде шамамен 840 мың қызмет ұсынылды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) енгізілуіне, сондай-ақ, "Ұлттық қор-балаларға" бағдарламасы шеңберінде нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу және есептеу бойынша БЖЗҚ қызмет ауқымының кеңеюіне байланысты автоматты режимде көрсетілетін қызметтер саны өсті. Әсіресе, нысаналы талаптарға қатысушылар үшін шоттар (ЖЗШ/ШЗШ/НЖШ) мен карта ашу ерекше серпін бергенін байқауға болады. Естеріңізге сала кетсек, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар автоматты түрде есептеледі.

2024 жылдың есепті кезеңінде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аудару нәтижесінде ашылған ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын (НЖШ), "Ұлттық қор-балаларға" бағдарламасы шеңберінде) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша жаңадан ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны барлық формат бойынша 4,9 млн асты.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ, нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу - әлі де ең танымал қызмет қатарында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 18,9 млн. астам үзінді көшірме берілді. Оның ішінде 15,0 млн. үзінді көшірме электронды түрде және 3,3 млн астамы автоматты режимде рәсімделген.

БЖЗҚ сайттағы және ұялы қосымшадағы Жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне, банктік деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы

мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар екенін еске салады. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу, ерікті зейнетақы жарналарын аудару және т.б. қызметтер әлемнің кез-келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді.

2024 жылғы қаңтар - қыркүйек айларында деректемелерді өзгертуге 158,1 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 144,2 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды. БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызметке жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыру бойынша да қосымша кеңестер ала алады.

Ақпараттық - түсіндіру жұмыс-тары аясында 31,5 мыңнан астам көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 658,5 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 30,6 мың материал жарияланды.

Салымшылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 481,7 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтініш бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, Вконтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

Мәди БАЙДҮЙСЕН,
«БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының операциялық бөлімінің Жансүгіров ауылындағы қызмет көрсету орталығының маманы.

Құттықтаймыз!



бен адамгершілігіңіз үшін әріптестеріңіз, ұжымыңыз Сізді білікті де білгір, тәжірибелі де озық, сыйлы да беделді білікті маман ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Бүгінгідей мерейлі сәтте Сізге еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беруіңізді тілеймін.

Сізге таза көңілімнен шыққан ізгі ниетімізді білдіре отырып, бақытты да баянды ғұмыр, жемісті де жеңісті күндер, қажымас қажыр - қайрат, талмас талап - жігер тілейміз.

Адам өмірінің жартысын адамгершілікпен, адал еңсеріп, бүгінде 50 жасқа толып отырсыз. Әрқашанда дөңіңіз сау, көңіліңіз жайдары, отбасыңыз берекелі, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

50 жасты артқа тастап еңсеріп, Еңбегіңмен Сен келесің тер төгіп, Армандардың аттанғанда шыңына Қызыр өзі болсын саған жолсерік.

Елу деген – ес тоқтату, есею, Елу деген – елдің жүгін көтеру.

Туған күнмен құттықтаймыз өзіңді, Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Ақсу ауданының қазынашылық басқармасы.

Әріптесіміз **ЖАБЫҚБАЕВА Шынар Балтабайқызының** бүгін яғни, 15 қарашада туған күні. Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ізгі тілегімізді жолдаймыз!

Сіз киелі де қасиетті Ақсу өңірінің көп жылдан бері қаржы саласына адал қызмет жасап, саланың жұмысын жандандырып, еселі еңбек етіп жүрген жігерлі де жауапты мамандарымыздың бірісіз.

Біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастыра отырып, аудан экономикасының дамуының негізгі күші қаржы саласының жұмысына сүбелі үлесіңізді аянбай қосып келесіз. Өз ісіңізге берілгендігіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз, әділдігіңіз

ЖЕМҚОРЛЫҚ - қоғамға қауіпті

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендетіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресп, Жемқорлыққа қарсы күрес, оның алдын алу шаралары түп - тамырымен жою қажет. Бұл - індет адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты - бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп келеді.

Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан - тараж етіп, ысырап қылу, жер участкесін заңсыз беру, дүние - мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни, мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекетіміз кеңестер одағы кеңістігінде



алғаш рет «Жемқорлыққа қарсы күрес» Заңын қабылдады, бұл заң жобасы арқылы жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін анықтап, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың және оған байланысты жауапкершіліктің артылуының түрлері анықталды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске арналған бағдарламалардың іске асырылуына және жемқорлықты біржолата жою мақсатында «Жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбына арналған көптеген семинар - тренингтер жүргізіліп, дөңгелек үстелдер мен форумдар өткізілуде.

Сонымен қатар, жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігін сақтап, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу жайы қамтылып, жемқорлықпен күресу жалпыға ортақ міндет екені түсіндіріледі.

Ілияс НҰРЛАНБЕКОВ,
«Ақын Сара» мәдениет үйінің директоры.

● Қарасу ауылдық округі Еңбек ауылына қарасты Кәрітоған каналы 30.10.2023 жылдан бос иесіз мүлік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

Биыл су тасқынына дайындық барысында Жетісу облысында 5,6 шақырым өзен жағалаулары нығайтылды



Жетісу облысында су тасқынына қарсы іс шаралар белсенді жүргізілуде. Осы орайда биылғы қыркүйек айында Панфилов ауданы Бұрақожыр өзенінің жағалауын нығайтылса, тағы бір учаске - Текелі қаласындағы Қора және Қаратал өзендерінің жағалауларын нығайту жұмыстары қазір қарқынды жүріп жатыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Текелі қаласы - таулы аймақ. Сондықтан төтенше жағдайлар саласы мамандарының айтуынша, Текелінің су тасқынына қатысты қауіптілігі жоғары саналады. Қаланың ішімен үш өзен - Қора, Шажа, Текелі ағып өтіп, үшеуінің түйіскен жерінен ары қарай Қаратал өзені жалғасады. Сондықтан мұндағы су тасқынының алдын алу жұмыстары «Жетісу облысын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспарына» енгізіліп, қазір жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Текелі қаласы әкімі аппаратының басшысы Қуандық Байсақовтың айтуынша, аталған жұмыстарға облыстық бюджеттен арнайы қаржы бөлініп, қазір құрылыс 4 учаскеде - жалпы ұзындығы 705 метр жерде атқарылуда.

Қаладағы су тасқынының алдын алуда бұл жобаның маңызы зор. Қора және Қаратал өзенінің жағалауын нығайту 4 учаскеге бөлінген, соның 2-еуінде жұмыстар аяқталып, құрылыс ауқымының 62%-ы атқарылды, яғни, 440 метрдей жер жасалды. Биыл жобаны аяқтап бітіруіміз керек. Бұл жұмыстар төтенше жағдай қаупін болдырмауға ықпал етеді, - дейді Қ.Байсақов.

Қора және Қаратал өзенінің жағалауын нығайту жұмыстарында қазір 15 адам жұмыс істеуде.

- Жаз бойы гобион конструкцияларын құрып, қажетті материалдар екеліп дайындадық, енді сол конструкцияның ішіне тас салып, нығайту жұмыстарын атқарып жатырмыз. Шынжыр табан экска-

ватор, КамАЗ, манипулятор сияқты барлық қажетті техникаларды жұмылдырдық. Жұмыс кестеге сәйкес жүріп жатыр, - деді мердігер компанияның өкілі Ералы Құсманов.

Жалпы Жетісу облысында 2025 жылдың су тасқынына дайындық барысында 5,2 км. су бұру арналары орнатылып, тазартылды, 400 метр қорғаныс бөгеттері салынып, жөнделді, 4,6 шақырым өзен арналары мен каналдарға механикалық тазарту жасалды, 5,6 шақырым өзендердің арналары тереңдетіліп, түзетіліп, жағалаулар

нығайтылды. Сол сияқты 241 шақырым арық желісі, 215 шақырым каналдар және автожолдарда 2826 су өткізу құбырлары тазартылды. Су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайларға жедел ден қою мақсатында аудандар мен қалалар әкімдіктері инертті материалдар, жанармай қоры мен қаптар дайындады, 913 бірлік жеке құрам күштері мен құралдары, 235 бірлік техника, 108 мотопомпалар әзірлікке келтірілді.

Атап өтсек, келесі жылы облысты дамыту жоспарының аясында Панфилов ауданы Сүптай ауылында Тышқан өзенінің, Талдықорған қаласы Қаратал өзенінің жағалауларын нығайтылады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІң БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотосурет авторы: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫНА АРНАП МУРАЛ САЛЫНДЫ

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында «Таза Қазақстан» бағдарламасы тақырыбында мурал пайда болды. Аталған экологиялық бағдарламаның аясында облыста сенбілік шараларымен қатар осындай насихат жұмыстары да жүргізіліп келеді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорған қаласындағы «Бірлік» шағын ауданында № 33 үйдің қабырғасында жуырда «Таза Қазақстан» акциясын бейнелейтін мурал салынды.

- Талдықорған қаласында бүгінгі күні тұлғатану, туризм, экология т.б. тақырыптарда 14 мурал бар. Соның біреуі «Таза Қазақстан» акциясына арналып отыр. Бұл мурал қала әкімінің ұсынысына орай демеушілік көмек арқылы салынды. Қазір көпшілік жазба ақпаратты оқудан гөрі, көзбен қабылдауға бейім, сондықтан осы тақырыпты мурал арқылы насихаттағанды жөн деп таптық. Басты мақсат - тазалықты сақтау мәселесіне қала тұрғындарының назарын аударту, оған қоса «Таза Қазақстан» акциясының маңызын айшықтау, - дейді Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Үш буын ұрпақтың ағаш егу сәті бейнеленген бұл суретті күнде көретін қала тұрғындары мұндай бастамаға разы.

- «Таза Қазақстан» аясындағы



сенбіліктерге үнемі қатысамыз. Себебі, қала өзіміздікі, ертең бізден кейінгі жас ұрпақ осы жерде өсіп-өнеді, сондықтан қаланың тазалығы бізге ортақ міндет. Кішкентай балаларға да өзіміз үлгі болуымыз керек. Осы муралды көргенде сол жауапкершілікті үнемі есіме аламын, - қала тұрғыны дейді Нұржан Әлібаев.

Жалпы «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Жетісу облысында жалпы 1 990 техника жұмылдырылып, 10 714 тонна қоқыс шығарылып, 2 445 км. арық желісі тазаланды. Облыс

аумағында акция кезінде 40,1 мың түп көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы Жетісу облысында белсенді түрде ұйымдастырылып, тұрғындар тарапынан зор қолдауға ие болды. Бүгінгі күннің өзінде жалпыұлттық тазалық шарасына облыс бойынша 226 мыңнан астам адам атсалысты.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІң БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотосурет авторы: Олжас ҚҰРМАШЕВ.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІң МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2209

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.